

МҰСТАҚЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІ (1880-1927 жж.).

Смағұлов Н.Б., PhD докторы, профессор ассистенті
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

XX ғасыр басында қазақ даласы Ресей империясының қарамағындағы аграрлы шаруашылықпен айналысатын отар өлкесі болды. Өздерінің саяси бостандықтарынан толық айырылған қазақ халқы патша өкіметінің отарлау саясатының барлық ауыртпалықтарын көріп жатты. Елдің экономикасы мен жер байлығы империяның жеке меншігі болып саналғандықтан, қазақ халқының жерге деген меншіктік құқығы болмады. Патша өкіметі қазақ халқының ғасырлар бойы мекендеп келген атамекен жерін мемлекет меншігі деп есептеп, шұрайлы шабындық, өзен-көлдерін, егін салатын құнарлы алқаптарын зорлықпен тартып алып, орыс-казак әскерлері мен Ресейдің ішкі губернияларынан көшіп келіп жатқан шаруаларға таратып берді. 1916 жылы патша өкіметінің қазақ халқынан тартылып алынған жер көлемі – 45 миллион десятинаға жетті [1, 30 б.]. Бұл деген қазақ даласының ең құнарлы жерлері еді. Жерінен айырылып әбден күйзеліске ұшыраған қазақ халқының шын жағдайын Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» [2], – деп жазды. Отарлаушы өкімет қазақтың жерін тартып алып, табиғи байлықтарына иелік етіп қана қоймай, елді рухани отарлап, халықтың дүниетанымын өзгертіп, құлдық деңгейге түсіру үшін тілінен, ділінен, дінінен айыру мақсатында арнай түрде жоспарланған шараларды жүзеге асырып жатты.

Осы кезде, Ресей империясының тарапынан отаршылдық езгінің күшеюінен, тығырыққа тірелген қазақ қоғамында ұлттық сана-сезімінің кең ауқымдағы оянуы үдерісі басталып, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған қарсыласу қозғалысы басталды. Халықтың ой-пікірлерін білдіретін жаңа идеяларды күн тәртібіне қойып, ұлттық дамудың біртұтас платформасын жасап, еуропалық өркениет пен бостандықтың құндылықтарын алға шығарған зиялы қауым өкілдері тарих сахнасына шықты. Қазақ зиялы қауымының қалыптасу жолы күрделі де ұзаққа созылған әлеуметтік және мәдени-рухани өзгерістердің үрдісінен болды. Ресей империясының озық деңгейдегі жоғары оқу орындарында жоғары білім алып шығып, отаршыл өкіметтің саясатын жүзеге асыру жолында қызмет жасауы тиіс болған қазақ зиялы қауымының қайраткер ұлдары туған халқының болашағы мен ұлт мүддесі үшін жеке бастарын қатерге тігіп, саяси күрес майданын бастады.

Отаршыл жүйеге тікелей қарсы бағытталған ұлт-азаттық майдан – «Алаш» деген қасиетті атауға ие болды. Алаш қозғалысы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өзгерістердің дамуынан және халықтың интеллектуалдық деңгейінің жаңа сатыға өтуінің нәтижесінде өмірге келді. Ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының барлық өкілдерінің басын ұлы мақсат жолында біріктірген бұл жалпыұлттық саяси ұйым – Алаш қозғалысының халық арасында берік әлеуметтік базасы болды. Ұлт көсемі деңгейіне көтерілген Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ ұлттық-демократиялық зиялыларының алдында қазақ халқының құқығын қорғап, өткен XIX ғасырдағы патша өкіметінің орталық басқару аппаратының саясатының жоспары бойынша империяның әр түрлі губернияларына бөлшектеп жіберген қазақ жерлерін бір тудың астына жинап, ұлттық-территориялық автономия құру мақсаты тұрды.

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде саяси сахнада реформаторлық, мемлекеттік-саяси көзқарастарымен, халық игілігі үшін аянбай қызмет жасаған көрнекті қоғам қайраткері, педагог ағартушы, Семей, Қарқаралы өңіріндегі Алаш азаматтары арасынан көшбастаушы деңгейіне көтерілген Мұстақым Малдыбаев та бар. Мұстақым Малдыбаев қазақ тарихында өз орнын ала алмай келген тұлғаның бірі. Оның саналы өмірі,

қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметі қазақ елінің болашағының жарқын болуына арналған. Туған халқының мүддесі үшін адал қызмет етіп, сол жолда құрбан болса да, ұзақ жылдар бойы ұлтына беймәлім болып келген Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерттеу қазіргі заман талабы қажет етіп отырған зәру мәселе.

Мұстақым Малдыбаевтың өмір жолы мен қызметін, кейбір ғылыми шығармаларын зерттеу 2000 жылдардың басынан басталды. Ал, жалпы 1917 жылғы Ақпан, Қазан төңкерістеріне дейінгі мерзімді басылымдарда М.Малдыбаевтың мақалалары мен педагогикалық және қоғамдық қызметі жөнінде мақалар жарық көрді. Кеңес өкіметі тұсында Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен қызметі, ғылыми мұралары мүлде зерттелген жоқ. Тек, Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында жарыққа шыққан С.Сейфуллиннің еңбегінде Мұстақым Малдыбаевтың есімі кездеседі [3]. Бұл уақыттарда ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасы коммунистік бағытта жүргізілсе, 1937-1938 жылдардан бастап тоталитарлық идеология үстемдігіне байланысты Алаш зиялылары туралы зерттеулер жүргізілген жоқ. Тарихи тұлғаларды, қазақ зиялылары іргелі еңбектерде жанама түрде ғана қарастырылумен шектелді. 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында кеңестік тоталитарлық жүйенің қылмысы әшкере болып, Алаш зиялылары жаппай ақталып, жеке тұлғалардың өмірі мен қоғамдық саяси қызметі, ғылыми-шығармашылық мұралары туралы зерттеулер көптеп жариялана бастады. Дегенмен, ондай шығармалардың арасында Мұстақым Малдыбаевтың қатысты жазылғандары аз болды.

Мұстақым Малдыбаевты Кеңес өкіметі тұсында Алаш қозғалысының белді мүшесі қатарына жатқызғандықтан қайта құру уақытына дейін оның өмірі мен қызметі зерттеуге тыйым салынған тақырыптардың бірінен саналды. Ал, сол кездегі зерттелген тұлғалар коммунистік идеология әсерінен біржақты қарастырылды. Сондықтан бұл мәселе қазақ зиялылары ақталғаннан кейін халықтың сұранысы және мемлекеттің қолдауымен шынайы түрде зерттеле бастады. Алаштану мектебі қалыптасты.

Мұстақым Малдыбаевтың өмірі мен ғылыми және ағартушылық қызметін зерттеуге арналған еңбектерді негізінен мақалалар құрайды. Бұлар шағын ғана мақалалар болғанымен, М.Малдыбаев пен Алаш тарихын толықтыра түсетін еңбектер шоғыры деп айтуға болады. Атап айтқанда Кәрім Сауғабаевтың [4], А.Сүлейменовтың [5], Аманжол Қуанбайдың [6], Ермек Балташұлының [7], Саржан Тақыровтың [8] еңбектері жатады. Құнды мәліметтерді барынша кең қамтуға тырысқан мақалаларынан М.Малдыбаевтың өмірі мен қызметі және қайраткер өмір сүрген уақыт аралығындағы тарихи оқиғаларды қамтиды.

Мұстақым Малдыбаевтың еңбектерін алғаш рет жинақтап, жариялаған алаштанушы зерттеуші Елдос Тоқтарбай мен Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғалымы, Н.А. Бейсенбекова 2020 жылы «Орталық Қазақстанның тарихи тұлғасы: Мұстақым Малдыбаев» Шығармалар мен құжаттар жинағы» [9]. атты еңбекті жариялады. 2021 жылы Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының ұсынысымен Елдос Тоқтарбайдың «Мұстақым Малдыбайұлы (1880-1927) Шығармалар жинағы» [10]. атты еңбегі жарық көрді. Онда Алаш ұлт-азаттық қозғалысының мүшесі, қайраткер-қаламгер, ағартушы Мұстақым Малдыбайұлының шығармалар жинағы алғаш жарияланды. 2023 жылы Qug balasu қоғамдық қорының ғылыми қызметкері Елдос Тоқтарбай «Мұстақым Малдыбайұлы (1880-1927). Иман һәм яки мұсылмандық» [11]. атты шығармалар жинағын құрастырып, факсимилесін, алғысөзі мен ғылыми түсініктемесін жазып жариялады.

Мұстақым Малдыбаев 1880 жылы Семей облысы, Қарқаралы уезі, едірей болысында Қарадыр деген жерде дүниеге келеді. **Ата-тегің атап көрсетсек, Арғын – Мейрамсопы – Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Шаншар – Келдібек – Үсенінентарайтын Құланшы деген атадан [7, 8 б.].**

М.Малдыбаевтың балалық шағы Едірей мен Үшқараның бауырында ер Мәдимен тай-құлындай тебісіп, бірге өскен уақыт болды. М.Малдыбаевтың ұрпағы Әлихан Малдыбаев ақын, белгілі журналист Кәрім Сауғабаевқа жазған хатында: «Әкем бес жаста, оның ағасы Сәулей жеті жаста жетім қалыпты. Шешелерінің қарауында жүріп, жерлестерінің қойын бағып, күн көріпті. Троицкіге жылқы айдаушылармен барып, сонда оқуға түсіпті. Кейінірек

Уфада «Ғалия» медресесінде оқып, ауылында өзінің ағайындарының, жерлестерінің балаларын оқытыпты. Семейде де мектепте сабақ берген болу керек. Уфада оқып жүргенде Ғазиза Ғайнулла деген татар қызына үйленіп, елге алып келіпті. Шешеміз Ғазиза 1891 жылы туып, 1928 жылы қаңтар айында әкеміздің қырқының алдында қайтыс болыпты. Күйеуінің сүйегін еліне апарып қайтқанда, өкпесіне суық тиген болу керек» [4, 18 б], – деп жазып, алаш қайраткерінің ғұмырының беймәлім кезеңі туралы тарихи құнды ақпарат берген.

Жас кезінде ауыл молдаларының алдынан сабақ алып, сауатын ашқан Мұстақым сол кездегі қазақ оқығандары жиналған өркениет ошағы болған Тройцкдегі орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, білім алған. Оқуын ары қарай жалғастырған тумысынан таланты Мұстақым шамамен болжамды уақытпен есептегенде 1895-1900 жылдар аралығында Уфадағы «Ғалия медресесіне» оқиды. «Ғалия медресесі» Еділ-Жайық, Орталық Азия мен Қазақстан аумағына жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогресшіл бағыттағы білім ұясы болған. Онда дін сабақтарымен қатар араб, парсы, түрік тілдері, шығыстану тарихы, арифметика, география, математикамен қатар орыс тілі мен әдебиеті де оқытылған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «Ғалия Медресесінде» көптеген талапкер қазақ жастары оқыған. Солардың ішінде М. Жұмабаев, Б. Майлин, М. Тұрғанбаев, А. Мәметов, Қ.Оразбаев т.б. қазақтар оқып, кейін бұл оқу орнын бітірген түлектердің барлығы Алаш қозғалысының белгілі тұлғалары болып шығады.

Білімі мен білігі толысқан Мұстақым Малдыбаев 1910-1911 жылдараралығында Жетісу өңіріндегі Есенқожа Маманов негізін қалаған Мамания мектебінде оқытушы әрі директор қызметін атқарады. Әуелгі жылдары қадым бағытында ашылған бұл мектеп медресе деңгейінде болыпты. 1901 жылы «Мамания» деген атау алған бұл оқу орны мектеп дәрежесіне көтерілді. 1908 жылдан бастап Жетісуға ғана емес, күллі қазақ жұртына жақсы атағы тараған Есенқұл қажы Маманұлы мектепті гимназия деңгейіне көтеріп, оқу бағдарламасын Уфадағы Зия Қамали ашқан «Ғалия» мектеп-медресесі үлгісімен деңгейлестіріп, бала оқыта бастайды. Осы жылдан бастап бұл мектеп-гимназия ел ішінде «Алаш» мектебі деп атала бастаған екен [5].

Мамания мектебінде ұстаздық қызметін атқарған соң Мұстақым Малдыбаев 1911 жылы қазақ даласының ірі саяси орталығы – Семей қаласына қоныс аударып келеді. Оның үстіне Семей қаласы Мұстақымның ауылы Едірей – Айрық ауылына жақын орналасқан қала. Сол кездегі Қарақаралы өңірінен шыққан қазақ оқығандары мен белсенді азаматтардың барлығы осы Семейге баратын. Семейге келген ол бірден қаладағы мұғалімдер семинариясына оқытушылық қызметке орналасып, 1920 жылға дейін жемісті еңбек етеді. Семей кезеңінде Мұстақым қазақ халқына ағартушы, педагог, журналист, Алаш қозғалысының қайраткерінің көрнекті тұлғасы ретінде танымал болды. 1911 жылы Семей қаласында алғашқы педагогикалық еңбегі «Оқу кітабы» «Жәрдем» баспасынан жарық көреді. Іле-шала 1912 жылы Андамасов екеуі бірігіп жазған «Ең жаңа әліппе» оқулығы Қазан баспасында басылып шыққан. Бұл сол кезеңде қазақ даласында оқулық жоқтың қасы болып, қазақ балалары оқулыққа зәру кезеңде жарық көріп, көп адамның білім алуына жетекші құрал болған бірден-бір оқулық еді. **Мұстақым Малдыбаев 1914 жылы Семейде Абайдың қайтыс болғанына он жыл толуына орай ерлі-зайыпты Құлжановтар ұйымдастырып, өткізілген кешке қатысып, мұғалімдер атынан баяндама жасайды.** Едірей болысында өз ата-мекенінде, яғни Сарқияқта мектеп ашып, балаларға төте жазумен білім берген, бұл мектеп ел аузында «Мұстақым шкoлы» аталған қазірде сол орының сұлбасы сақталған. Ұстаздық қызмет жасаған Мұстақым Малдыбаев педагогикалық салада жемісті еңбек етіп, тәжірибе жинаған, оқушылардан түрлі тәсіл үйренген әдіскер маман болды [7, 9 б.].

1911-1918 жылдары «Қазақ», «Айқап», «Сарыарқа» атты мерзімді басылымдарда М.Малдыбаевтың 20-дан астам мақалалары жарияланады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінің тарихын зерттеген ғалым Үшкілтай Субханбердина газет-журнал беттерінде М.Малдыбаевтың мақалалары «М.М.», «Азамат Қорықбасов», «Мұстақым Ризабек», «Сәулей», т.б. бүркеншек аттармен жариялаған деп жазады [10, 78 б.].

Мақалаларында сол уақытта қазақ қоғамының күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелері: оқу-ағарту, медицина, қазақ тілін дамыту, ел ішінде мектеп ашу, әйел теңдігі туралы келелі ойлары жарияланған. 1914 жылы «Айқап» журналының №23 санында басылған «Денсаулық» деген мақаласында қазақ даласында медициналық қызмет сын көтермейтінін ашына жазады. Автор: «Ауырған кісінің жаны тәтті, қос атпен қара қожа, ақ молданы алдырады. Молда келе-ақ, шеті жеміріліп біткен май-май кітабын қолына алып, аурудың жайын кітаптан қарай бастайды. Әлгі үйдің зәресін ұшыра қарап, «Құдай қайырын берсін!» деп тұнжырап, анда-санда бір жауап беріп, үйдің зәресін ұшырады. Қорқып отырған үй іші: - Молдеке! Осы аурудан жазылса, мал-жанымыз аяусыз. Кітабыңызға көрінгенін айта беріңіз, деп қалбалақтай бастайды. Молда: - Әуелі Құдай біледі, кітаптың айтуы ұшына жиған ауру екен, жеті күн дем салып үшкіру, өзінің бойындай ақ, қара шүберегін қоймен көшіру керек. Ту қойдың терісіне салуға тиіс дейді. Мені Қабак та шақырып еді, Байбосынға да тамыр дәрі беріп жатыр едім, - деп бұлданып, жалынғантың соңында бағанағы айтқан емдерді істеуге кіріседі. Жол аузына қуыршақ күйдіріп, шүберекті қойынға тығып, қара қойды жолдасқа өңгертіп, жұмсақты қалтаға тығып, қызара бөртіп үйіне қайтады. Мінекей, дәрігер осындай бола ма? Бұлар ең жеңілі, Алла сақтасын, олар, күшала, апиын, алмас сынды у дәрі беріп, талайды қатыра салады. Оның себебін Құдай өзі ғана біледі. Аурудан қалай қашу керек болса, надан дәрігерден солай қашу керек» [9, 81 б.], – дейді. Халықтың мешеу қараңғылығын ашына айта отырып, оларды алдап жүрген қожа-молдаларды әшкере етеді. Қазақ халқының басқа елдермен, халықтармен қарым-қатынасына байланысты «Айқап» журналының №10 басылымында «Қарқаралы жайынан» деген мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада автор Қарқаралы қаласындағы тұрғылықты халықтар қазақ, татар, өзбек, орыстар туралы сөз қозғай отырып, қаладағы оқу орындары, ондағы оқулықтар жайында баяндайды. Мұстақым Малдыбаевтың баспасөз беттерінде қазақ арасынан мектеп ашу мәселесін үнемі көтеріп отырды. Мысалы Семейдегі «Сарыарқа» газетінде «Мектеп» атты өзекті мақаласында былай деп жазады: «Сарыарқа» шыққаннан бері әр нөмірде-ақ Алаш қаласында оқытушылар даярлайтын курс ашылмағы, Алаш қаласындағы «оқытушылар ұйымының» оқытушыларға орын, оқушыларға мұғалім тауып беруге ыждаһат ететіні жазылып келеді. Міне, оқу уақытты жетті. Ғылымға сусаған жұрттар мектебін, мұғалімін, керекті саймандарын даярлап оқуға белсеніп кірісті. Бұрынғы бар мектебін көркейтіп, жоғын ашпақ. Хүкімет те тұқым, дін айырмасына қарамай ғылым дүкенін молайтпақ. Басқа жұрт ғылым үшін жанталасып жатқанда, біздің қазақ халқы қайтып жатыр? Мектеп ашу, мұғалім алдыру ойларында бар ма екен? Теңдік, тегістік заманы туғалы жарты жыл болды. Сонан бері қазақ комитеті қазақ жұмысына күндіз күлмей, түнде ұйықтамай қызмет етіп келеді. Күн сайын «бөлек болыс болсақ екен», «бөлек ауылнай болсақ екен» деп келген арыз толып жатса да, «мектеп ашып беріндер, балаларымыз оқусыз қалды» деген бір елден бір арыз, бір сөз жоқ [9, 87 б.].

1914 жылы Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты Семей қаласында Нәзипа Құлжанова, Нұрғали Құлжановтармен бірге әдеби кеш өткізеді. Осы шараны өткізуге Мұстақым Малдыбаев көп еңбек етті. Семинария оқушылары Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев сияқты кейінгі қазақтың біртуар азаматтары да мәдени, рухани шараның басы-қасында болды. Мұстақым Малдыбаев ұстаз ретінде М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев т.б. семинаристердің болашақта тұлға ретінде қалыптасуына өзіндік еңбек сіңіргенін байқаймыз. Міне, осы кеш туралы 1914 жылы «Айқап» журналының №4 басылымында Мұстақым Малдыбаев «Семейпалаттан» деген мақаласында жазады. Сондай-ақ, «Қазақша бастапқы ойын» мақаласы 1915 жылы аталған журналдың №5 санында жарық көреді. Мақалада Семейде болған ойын-сауық кешінде Біржан-Сара айтыстарынан үзінді қойылғандығы, бұл ойынға қатысушылар жайында баяндайды [11, 3 б.]. Осыдан, қазақ басылымының сол тұста жер-жерде әдеби-мәдени кештердің көптеп ұйымдастырылуына, оған халықтан мол жиналуына шаттана қуанып, осы кештердің мазмұнымен жұртшылықты үнемі хабардар етіп отырғанын байқаймыз. Қазақ арасына енген мәдени жаңалықтың бұл түрінің жүйелі жол тауып, өрісін кеңейте түсуін үш түрлі қажеттілікпен байланыстыра

қарауға болады. Біріншіден, татар, орыс жастары ұйымдастырған әдеби сауық кештерінің әсерінен қазақтардың өз қауқарын сынап байқауға әрі мәдени-әдеби өремізді өсіруге деген ұмтылысы, екіншіден, мұқтаж оқушыларды қаржы тығырынан шығару талабы, үшіншіден, көпшіліктің де мұндай кештерге сусап, мәдени талап-тілегінің артуы. Әдеби кештерді ұйымдастыруға арналған А.Әлкіннің «Әдебиет кеші», М.Малдыбаевтың «Семейпалаттан» және «Қазақша бастапқы ойын» мақаласын айтуға болады. М.Малдыбаевтың «Семейпалаттан» және «Қазақша бастапқы ойын» мақаларынан тұжырымдар болсақ, бұл секілді әдеби кештердің ел ішіндегі дарынды өнерпаздардың бағын ашуға септігін тигізгендігін байқаймыз.

Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде елдегі биліктен шет қалмауды көздеген Алаш қайраткерлері Р.Мәрсеков, Ғ.Ғаббасовтардың ұйымдастыруымен Семей облыстық қазақ комитеті құрылды. Ал, сонан соң оның төменгі буындары Семей, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен, Зайсан уездері мен ауылдық жерлерде ашыла бастады. Міне, осы кезде облыстық қазақ комитетінің шешімімен Семей қаласының Заречная Слободка (Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан) деп аталатын бөлігін заңды түрде Алаш қаласы деп атауға ие болды. Алаш аталуы 1917 жылдан бастап он жыл бойы сақталып келді, тек одан кейін ғана барып 1927 жылдың он бесінші қыркүйегінде Семей қалалық кеңесі президиумының шешімімен Жаңасемей қаласы болып өзгертілді [6, 58 б.]. М.Малдыбаев қоғамдық-саяси қызметін жандандырып, Семей облыстық қазақ комитетінің құрамында болып, сол кезде өткен Семей съезінің басты ұйымдастырушыларының бірі ретінде «Алаш» партиясының жергілікті комитетін құруда белсенділік танытқан. Кеңестік билік орнаған соң, қаладағы педтехникумда, губерниялық халық ағарту бөлімінде, бірқатар баспасөз редакцияларында қарымды қызмет етті. Тарихтан белгілі, Семей облыстық қазақ съезі 1917 жылдың 27 сәуірі – 7 мамыры аралығында өтті. Жиынға Семей, Өскемен, Павлодар, Қарқаралы, Зайсан, Бийск жерлерінен 200-дей делегат қатысты. Съезд құрамында Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жакып Ақбаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Әлімхан Ермеков, Жүсіпбек Аймауытов, Назипа Құлжанова, Мәнен Тұрғанбайұлы сынды қазақтың белгілі адамдары болды [10, 62 б.]. Съезд қаулысы «Сарыарқа» газетінде 1917 жылдың № 3 санында жарияланды. Бұл саяси оқиғалар Мұстақым Малдыбаевтың қайраткерлік ұстамын біржолата айқындап, Алаш Орда үкіметінің сенімді өкіліне айналды. Ел ішін аралып, қазаққа теңдік пен бостандық әперетін бірден-бір саяси ұйым – Алаш деген үгіт-насихатын жүргізеді. **Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат ретінде ұсынылды.** Тағдарын Алашпен байланыстырған Мұстақым Малдыбаев 1918-1919 жылдары – Алаш қалалық кеңесінің төрағасы Бидахмет Сәрсеновтың орынбасары болып, Семей өңірінің қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық өміріне белсене араласады.

«Мұстақым Малдыбаев – Мәдидің ең жақын жерлес досы, сенімді серігі, кедейліктен саудагер-көпес дәрежесіне көтерілген, екеуі кіре тартып, керуен жолмен Семей шаһарына бірге жүріп-тұрған, тауар тасыған, ауыс-түйіс айырбас жасаған, өлкеміздегі нарықтың көшбасшылары – тұңғыш қарлығаштары болды. Мұстақым ешкімге жазығы жоқ, кірпияз, үнемі ақ костюм-шалбар киіп, кілең зерленген ертоқым, ақбоз атпен пәуескелетіп жүретін. Мәдидің жарлы-жақыбайлар мұңын мұндаса жүріп Малдыбаев Мұстақым жолдасымен бірге атқарған істері даусыз нарықтық қарым-қатынастардың басы. Қала мен ауыл арасында сауда үйлерін ашқызуы, мектептерді салғызуы ұлт қамқоры дегізеді» деп жазады белгілі зерттеуші, тарихшы Ахмедия Сүлейменов «Қазақтан шыққан Робин Гуд немесе Мәди – мәңгілік тұлға» атты мақаласында [5, 3 б.]. Мәди Бәпиұлының Мұстақым Малдыбаевпен бірге Семейге тауар тасып, айырбас жасағанынан, оның түсім-қаражатына кедей-малшылар үшін тауарлар жеткізіп бергенінен, Үшқарада үйір-үйір мал ұстатып, жер-жерде сауда үйлерін салғызғанынан, Едірейдің Қарадыр қыстағында бастауыш мектеп ашқызғанан Мұстақым Малдыбаевтың ақын, композитор Мәди Бәпиұлымен сыйлас, пікірлес дос болғанын көре аламыз.

1921 жылы 8 наурызда «Қазақ тілі» газетінің 123-санында Мұстақым Малдыбаевтың «Мәди өлімі» деген мақаласы «Жолдасы» деген бүркеншік атпен жарияланады. «Осы жылы, 1 февральда Мәди Бәпиұлын күндізгі сағат 12-де, Қарқаралы қаласында, 5-учаскенің аудандық начальнигі Жасанов атып өлтірді. Мәдидің жасы 41-де, екі қатыннан баласыз еді. Өлімі былайша болды: декабрь басында Едірей еліне 20 процентті разверстканы бөлгенде, Айқожа Теміржанов, Сыланбек Малаев дейтін волпрезидентелді қолына қондырып алып, малды ауылнайларға бөліп, кедейлерге аудары салды. Мәди Қарқаралыдан сескеніп, енді Семей кетемін деп жүргенде, Қарқаралының хакімшілік бөлімі Едірей елінің жерқұмар байлары Майтан Тұранов, Айқожа Теміржановтың доносымен Малдыбаевтардың малын конфисковат етеді. Осы малы туралы Қарқаралы барған Мұстақым Малдыбаевты жауып қояды. Осындай жұмыстар тақырыпты Мәди Бәпиұлы Қарқаралыға барады... Ертеңінде, 1 февраль күні, 2-ші аудан халық сотынан абақтыдағылармен амандасуға қағаз алып, түрмеге барады. Қасында 4 жолдасы бар. Түрменің бастығы рұқсат бермейді. Аттанып жатқан Мәдилерді қолына винтовка алып, түрме начальнигі қуалай бастайды, һәм аттанып жатқан Мәдиді үш мәртебе прикладпен ұрады. Біраздан соң қасындағы жолдастарымен қайтып бара жатқан Мәдиді көшеде ұстап, түрме начальнигі уисполкомға алып барады. Түрмеге таяна бергенде, алдында келе жатқан Мәди Бәпиұлын атып тастағанын бірнеше адамдар көріп тұрған. Оқ қарақұстан тиіп, мандайынан шығып кеткен. Міне, бұл өлімді ақылдасып, тон жамылған соққандардың істеп отырғаны анық. Арыстан жүректі ер Мәди екі жылдан бері бұрынғы тентек мінезден тиылып, сенімді халық азаматтарының қатарына кірген еді.

Топырағың жеңіл болсын, жолдас!

Туысқан, жамағаттарыңа тәңірім сабыр берсін!» [10, 69 б.].

Міне осыдан, жоғарыда айтқандай, Мәди Бәпиұлы мен Мұстақым Малдыбаев жақын араласып, дос болғанын көруге болады.

Мұстақым Малдыбаев 1923-1926 жылдары – Кеңес өкіметінің жаңа экономикалық саясатына байланысты, елге келіп кәсіпкерлікпен шұғылданып, жер алып Қарқаралы өңірінің ірі кәсіпкеріне айналады. Мал бордақылау орнын ашып, одан қала бере Семейден бірнеше дүкен ұйымдастырған. Одан кейін 1925-1926 жылдары – «Алаш ісі» бойынша күдікті ретінде бақылауда жүрген әрі Қарқаралыдағы қазақ мектебінде оқытушы болып қызмет істеген.

Азаттық идеялары мен саяси көзқарасы үшін М.Малдыбаев 1926 жылы 11 қыркүйекте қамауға алынады. Семейдің түрмесінде азап шегіп, ауыр науқасқа шалдыққан әбден әлсіреген шағында ғана бостандыққа шығады. Бірақ, азат күндері азғантай уақытқа ғана созылып, сол жылдың соңында 1927 жылдың желтоқсанында – Алаш қайраткері М.Малдыбаев 47 жасында қайтыс болды. Сүйегін зайыбы Ғазиза туған жері Үшқара тауының жанындағы Сарықияқ қыстауына әкеліп жерлейді. Осы жолда өкпесіне суық тиген ол 1 айдан кейін күйеуінің соңынан бақына аттанады.

М.Малдыбаевтың бір ұл, екі қыз қалған. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханның құрметіне ұлының атын Әлихан деп атаған. Әлихан Алматыда, кіші қызы Талдықорғанда, тұңғыш қызы Сүйімбике Семей қаласында тұрған. Белгілі алаштанушы ғалым, зерттеуші Елдос Тоқтарбайдың берген мәліметтерінде Екінші дүниежүзілік соғысқа Сүйімбикенің ұлдары, Темірланның өзі, ұлы және Төлегетай мен Әлихан да қатысқан. Соғыстан аман-есен келген балалары оқып, жетіліп, советтік Қазақстанның дамуына үлес қосқан. М.Малдыбаевтың Болат, Есенбике, Нұрбике есімді немерелерінің медицина ғылымының докторлары, белгілі хирург, терапевт дәрігер болғаны анықталды [11, 112 б.].

Кеңестік тоталитарлық саясаттың зардабының кесірінен халқымыздың тарихи жадысынан өше бастаған алаш арыстарының ардақты есімдері бүгінде ортамызға қайта оралды. Алаш азаматтарының қайта оралуы ұлтымыздың сана-сезімін қайта сілкіндіріп, рухани өмірімізге өлшеусіз серпін береді. Артына өшпестей мұра қалдырып, елімізді өркениетке жетелеген, Мұстақым Малдыбаевтың өнегелі өмірі мен атқарған қоғамдық-тарихи қызметі бүгінгі азат елдің жастарының бойына рух пен сенім беретіні ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 2 «Қазақ» газеті / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
- 3 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 2009. – 432 б.
- 4 Сауғабаев К.Текінің теңі – Мұстақым...// Азия Транзит. – 2000. – 19 қаңтар. – 41 б.
- 5 Сүлейменов А. Қазақтан шыққан Робин Гуд немесе Мәди – мәңгілік тұлға. // Қарқаралы. – 1998 жыл. -16 мамыр. – 23 б.
- 6 Қуанбай А. Сарыарқа Саңылақтары. Қарағанды: «Tendri ltd», 2024. – 176 б.
- 7 Балташұлы Е. Мұстақым Малдыбаев. // Qarqaraly. – 2023. – 23 мамыр.
- 8 Тақыров С.У. Алашын ардақтаған азамат. // Орталық Қазақстан. – 2018. – 18 мамыр.
- 9 Орталық Қазақстанның тарихи тұлғасы: Мұстақым Малдыбаев. Шығармалар мен құжаттар жинағы /Құраст.: Елдос Тоқтарбай, Нұрсахан Бейсенбекова. Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия» ЖШС баспасы, 2020. – 204 б.
- 10 Мұстақым Малдыбайұлы (1880-1927). Шығармалар жинағы. // Е.Тоқтарбай. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. – 272 б.
- 11 Мұстақым Малдыбайұлы (1880-1927). Иман һәм намаз яки мұсылмандық. Шығармалар жинағы. //Құраст.: Е.Тоқтарбай. – Астана: «Qyr balasy» ҚК, 2023. – 128 б.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Исабек Б.Қ., Тугелова М.Т.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, I-курс докторанты

Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ,

Шымкент қ., Қазақстан

tugelovam@mail.ru

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 20-шы жылдарының басына дейінгі мұсылмандық мектептердің Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасу және даму тарихына арналған. Қарастырылып отырған кезеңде халық ағарту саласының алдына тек сауатсыздықты жою ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының дәстүрлі өмір салтының рухани жағын өзгерту бойынша сапалы жаңа міндеттер қойылды. Қазақстандағы бастауыш, орта және жоғары білім берудің бастауында тұрған ағартушылар Базарқұл Данияртың әріптестерімен бірге республиканың көрнекті мәдениет және білім қайраткерлерінің тұтас галактикасын, алғашқы бағдарламалар мен оқулықтарды дайындаған еңбектері. Мақалада ұстаздың жанқиярлық еңбегі ғана емес, ірі саяси оқиғаларға толы XX ғасырдың бірінші үштен біріндегі зиялы элита өкілдерінің қызметі туралы да айтылады.

Кілт сөздер: білім, білім беру жүйесі, мектеп, колледж, техникум, қайнар көздері, реформа

Орта ғасырлардағы қазақ жеріндегі білім беру жүйесінің іргетасы VIII-X ғасырларда қаланып, елімізде діни оқу орындары, мұсылман медреселері, мектептері жұмыс істеді. Қазақстанның Түркістан, Испиджаб, Тараз, Сауран, Сайрам, Отырар және басқа да көне қалаларында діни оқу орындары ашылды. Орта ғасырлардағы оқу-ағарту жүйесі қазақ даласында XIX ғасырдың басына дейін өзінің маңызын сақтап, сол арқылы халықты сауаттылықпен, біліммен сусындатты.

Ал бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі педагогикалық кадрларды даярлау мен қайта даярлауды жақсартуға ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Осыған байланысты өткеннің жинақталған оң педагогикалық тәжірибесі жан-жақты ғылыми түсіну қажеттілігін тудырады. Өткеннің тәжірибесіне сүйене отырып, біз өткен мен болашақ арасында үйлесімді байланыстар жасауды үйренудің ең жақсысын түсініп, ала аламыз.